

AKPINAR

42.

Kasım - Aralık 2012

Yıl: 7

ISSN: 1306 - 3731

3 TL


KÜLTÜR SANAT VE EDEBİYAT DERGİSİ

Sayı

AKPINAR DERGİSİ 42. SAYI EKI



KAZAKİSTAN ÖZEL SAYISI



www.akpinardergisi.com

İÇİNDEKİLER

Suleymenova J.N., Tajimuratova A.T. Bilim Alanında İşbirliğinin Geliştirilmesi.....	6
Abdirasilova G.K., Kalmenova G. Sözcük Bileşiminin Gelişmesi ve Söz Manasının Genişleme Yolları.....	12
Kalıbayeva K., Baltabayeva J. Türk Deyimlerinin Oluşma Yolları.....	17
Yunisova J.A., Yunisova M.A. Ayman-Şolpan” Destanı Boyunca Deyimlerim Güzelleştirme İşlevi.....	23
Sembayeva A.Ğ., Bilişim Tecrübesinin Dil Bilincini Belirtmedeki Önemi.....	28
Abitjanova J.A., Orhon-Yenisey Yazıtları Dilindeki “Tanrı”, “Umay”, “Yer-Su”, “Dört Yön” Mecaz Kavramları.....	31
Soltanbekva Ğ.A., Çağdaş Kazak Reklamlarının Tanımı.....	36
Begaliyeva L.B., Analitik Yöntem Aracılığıyla Yapılan Mevsim Anlamlı Eşanlamlılar.....	41
Sarbalina A.B., Terminolojinin Araştırma Tarihi.....	46
Abdirasilova A.K., Abayla Şekerim’in Şiirlerindeki “Sır” Kelimesinin Tanımlanması.....	51
İyemberdieva G.T., Milli Dil – Halkımızın Oluşumunun Temeli.....	55
Dauletiyarova Z., Balasağın’un “Kutadgu Bilig” Destanındaki “Ateş” Kavramlı Mecazların Anlamsal ve Asosyal Genişletilmesi.....	59
Şahanova T., Kazak Dilindeki Kavramların Oluşum Tipleri.....	64
Aliyeva J., Bugünün Şiirlerindeki Eski Türk Tanımlama Sahneleri.....	68
Baltabayeva J.K., Süleymenova J.N., İnteraktif Yöntemler–Kaliteli Eğitim Garantisi.....	72
Ergojina Ş.L., Jarmuhanbetova N.A., Kazak Dilini Öğretmedeki Etkileşim Yolları/Çağdaş Yöntemler.....	77
Sağymbayeva A.E., Baykazyeva R.T., Bilgisayar Dersindeki Akts/Hareket Kullanan Öğrencilerin Eğitimini Kontrol Etmek.....	82
İsabayeva D.N., Baybolava E.S., Öğretmenin Teknolojinin Kullanılmasında Deneyiminin Rolü.....	87
Jumaşeva T., Pedagojik İletişimi Oluşturma Meselesi.....	93
Jumabaeva A., Birleştirilmiş Sınıflı Okul ve Ona Öğretmenleri Hazırlama Durumu.....	97
Suleymenova J.N., Sametova J.Ş., 12 yıllık Eğitim Sistemindeki Üst Sınıf Öğrencilerinin Araştırma Becerisini Oluşturma.....	100
İsmailova R.B., Okul Öncesi Çocukların Sosyalleştirme Sürecinde Toplumun Yeri.....	104
Orazbayeva A.S., Bayzoldaeva R.M. Ahlaki Değerlerin Öğretilmesinde Açık Hitabet Sanatının Önemi.....	108
Akberdiyeva D.F., Jamaliyeva S.M., Geşalt Felsefesi Temelinde Psikolog-Öğrencilerin Uzaktan Eğitimindeki Modern Teknolojilerin Kullanımı.....	113

АНАЛИТИКАЛЫҚ ТӘСІЛ АРҚЫЛЫ ЖАСАЛҒАН МЕЗГІЛ МӘНДІ СИНОНИМДЕР

Л.Б. Бегалиева
Халықаралық Бизнес
Академиясының доценті

Özet

Bu makale eşanlamlıların seri manalarının analitik çözümlenmesi hakkındadır.

Тіл білімінде сөздердің жасалу жолының түрлері бай. Себебі қанша түрлі сөз болса, сонша сөздердің жасалуы, аталымның туындауының тілдік, ұғымдық ерекшелігімен қоса, сөзжасамдық заңдылықтары қатар жүреді. Жаңа тілдік тұлғаның жасалуында аналитика-семантикалық тәсілдің өзіндік орны ерекше деуге болады. Қазақ тіл білімінде таңбалау жүйесінің аналитика-семантикалық тәсілін ғылымға арқау еткен ғалымдар еңбектерінің бар екені белгілі. Әр зерттеудің аналитикалық тәсіл арқылы жасалған туынды атауларға қосар үлесі мол. Аналитикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздер жайлы жалпы тіл білімінде көбірек айтылып келеді.

Сөздердің тарихи негізделуінде, кез келген атаудың туындауы, экстралингвистикалық және лингвистикалық факторлардың орындалу қажеттігін А.Б. Салқынбай айта келіп, аналитикалық тәсіл арқылы сөздердің жасалуында факторлардың қызметтерін жеке-даралап көрсетеді. Ғылымда тілдік бірліктердің мазмұндық құрылымындағы ұлттық нышандарды байқататын компоненттерді, ондағы кодқа салынған мәдени ұлттық ақпараттарды “концепт” тұрғысынан қарастыратын ізденістері де жоқ емес. Осы соңғы аталған бағытты ұстана отырып, шақ ұғымын да когнитивтік бірлік ретінде алып, осы концептінің қазақ тілінде қандай бірліктер арқылы объектенетінін қарастыруды жөн көрдік.

Уақыт және оның тәулік ішіндегі бөліктері жөнінде сенсорлық каналдар арқылы алынған ақпараттар, ақиқат дүниенің өзге де үзіктерімен байланысты ақпараттар тәрізді, тілдік ұжымның когнитивтік санасында тілдік бірліктер арқылы жинақталып, реттеліп, концептер түрінде өмір сүреді. Ақиқат өмірдегі күн, түн, таң, кеш, түс т.б. тәрізді құбылыстар, түптеп келгенде, концептер түрінде жүйеленген жалпыадамзаттық білім. Осы концептер жеке сөздер, фразеологизмдер, тұрақты теңеулер мен образдар, мақал-мәтелдер тәрізді күрделі тілдік таңбалар арқылы объективтенгенде, олардың құрылымында ұлттық нышаны бар компоненттер айқын байқалады. Ұлттық нышанға ие мұндай компоненттер (лингвокультуралемалар) лингвомәдени ұжымның дәстүрлі шаруашылығы, мифологиялық танымы, діни сенімі, жер-су жағдайы, әдет-ғұрыптары т.б. тәрізді тілдік емес фактормен тығыз байланысты. Оны шақ атаулары байланысты төмендегі талдаудан байқауға болады. Қазіргі

заманда тәуліктің сағат тілімен өлшенетіні белгілі. Күнделікті тұрмыста мезгілді көбіне сағат бойынша айту дағдыға айналды. Алайда құрал ретінде сағаттың тұрмыста қолданыла бастағанына айтарлықтай көп уақыт бола қойған жоқ. Олай болса, сағат сыртылына дейін тіпті одан көп бұрын тәулік қандай шақтарға бөлініп, олар халық тілінде қалай аталды деген сұраудың жауабын іздеуге тура келеді. Зерттеуімізге бір тәулік ішіндегі шақ атаулары, олардың функционалды-семантикалық қызметтері ғалым Н.Уәлиұлының зерттеу мақалалары негізінде талданып беріледі [1]. Талдауға негіз болған тілдік бірліктердің синонимдері және олардың синонимдік қатар құрай алуы, сонымен бірге аталу, жасалу жолдарында когнитивтік сипаттың барлығы да байқалады. Алдымен, бір назар аударатын нәрсе, сағат деген сөздің өзі қалтасағат, қолсағат, қабырғасағаттардың тұрмысымызға бауыр басуынан көп бұрын қолданылған деуге болады. Халқымыздың байырғы жыр-мұрасының бірі– “Қыз Жібекте”: “Пұл жібердім қалаға бейсағат күні, құдая”,–дейді. Мұндағы би-бейсағат – сағатсыз, сәтсіз деген сөз. Бұған қарағанда, сағат әуелде уақытты көрсететін құралдың аты емес, сәт деген мағынаны білдіретін сөз екенін байқаймыз. Шақ сөзімен мағыналас сәт атауы– бастапқыдағы сағаттың дыбыстық өзгеріске ұшыраған түрі. Бұдансағат – мезетті” көрсететін құралдың атына айналады да, сәт атауы мезет, мезгіл, уақыт сөздерімен синонимдік қатар түзді.

24 сағат, күн, тәулік, сөтке, сабақ. Қазақ тіліндегі *сөтке*, *тәулік* сөздерінің өзге тілден енгендігі белгілі. Кейде күн сөзі *тәулік* мағынасында жұмсалады. Ал бұл ұғым білдіретін арнаулы сөз халық тілінде болды ма? Бұл сұраудың жауабын салыстырмалы деректен табамыз. Шор тілінде чатті қонақ чурдулар (олар) жеті тәулік тұрды[2]. Сары ұйғыр тілінде қонақ қонук “сутки”, якут тілінде “конук” сутки, суточный. Моңғол тілінде ханок “сутки” тәулік мағынасын білдіретін бұл сөз қазақ тілінде сақталғандығын Н. Уәлиұлы мақаласында келтіріп жазады. Сондықтан бұл сілтемелер ғалымның зерттеуінен алынып отыр.

Қазіргі тіл қолданысымызда таң атқанда, таң құланиектенгенде, таң бозарып атқанда деген тіркестер бар. Ал халық тілінен таң мезгілін білдіретін сөздердің бұдан басқа да таң сімірі, таңертең, таң: ереуіл таң, рауан таң, көгала таң, көгалаң таң, елең-алаң, ерен-паран; сахар: таң сәрі, құлқын сәрі сияқты небір түрін кездестіреміз. Таң сімірі жауғанда (Төрехан батыр). Мұндағы сімір–сібірлеп атып келе жатыр деген сөзбен мағынасы бір. Тек фонетикалық өзгерістер арқылы ғана сөздің өзгерісі байқалады, бірақ сімір және сібір сөздері синонимдік қатар құра алмайды. Ертеректегі қазақ салтында мүшел жасты да (13,25, 37, 49, 61) “қасиетті” деп есептеген. Мүшел жасты тура атамай, орағыта атаған. Бұлбұл үнді Біржан салдың ақын Сарамен айтысында “Адымым күні бүгін қалыбында, Екі жыл отыз беске келгеніме” деуінде, бәлкім, осындай сырдың болуы да ықтимал. Әрине, санды тура атамаудың бұдан басқа да өзге орайлары бар: Ат тергеуге қатысты тілімізде айрықша экспрессия жасалады: отыз – екі

он бес, алпыс – екі отыз, елу – екі жиырма бес; қырық жеті – қалың мал т.б. Сәске мезгілінің өзін халық бірнеше шаққа бөледі. Күн ұясынан құрық бойы көтерілген шақ – сәске немесе *ерте сәске*. Бұдан кейінгі мезгіл – *ұлы сәске* немесе *қан сәске* деп аталады. Еліміздің батыс аймағында тәуліктің осы мезгілін білдіретін *сиыр түсі* деген атауда қолданылған: Жайылған атын алдырып, Үстіне тұрман ер салып, *сиыр түсі* болғанда, Сағыздан өтіп, заң салды (Ығылман Шөреков). Сөз тегін айтылмайды. Сәскенің бұл мезгілі неге төрт түліктің бір түлігінің атымен аталды? М. Ысқақов “Халық календары” деген кітабында: “Ұлықбектің келтірген мағлұматына қарағанда кейбір түркі халықтары, мәселен, ұйғырлар тәулікті он екіге бөліп, әр үлесін цағ деп атаған. Чақтың ұзақтығы екі сағат болған. Ұйғырлар кешкі цағ, ут (сиыр) цағ, барыс цағ, т.с.с.” деген. Көне түркі жазба ескерткіштерінде мынадай бір қызық материал бар. “Мен түрік Білге қаған бұл өтке олуртым” деген Орхон жазбаларында кездесетін өт//өд сөзінің аудармасы уақыт деп көрсетілген[3].

Ал түркітанушы М. Қашқаридың “Түбі бір түркі тілі” еңбегінде өд (уд) сөздері сиыр мағынасында кездесетіні белгілі. Әр оқыған сайын сиыр мен уақыттың қандай ұқсастығы бар деп үнемі ойлау үстінде болатынымын. Н. Уәлиұлының осы зерттеу мақаласынан сиыр мен уақыт ұғымдарының қатысы бар екеніне көз жеткіздік. Ал енді жерді көк өгіз көтеріп тұрады деген де пікірдің бар екенін білеміз. Белгілі бір дәрежеде бұл пікірде де шындықтың бар екені анық. Үт деген сонымен бірге көне ай атауына да таңылған. Тәулік шақтарын зерттеуші ғалым моңғолдардың тәулікті он екіге бөліп, бөліктерді цағ деп атағандығын тілге тиек етеді. Оларда хулуган цағ (тышқан шақ), хукар цағ (сиыр шақ), барыс цағ т.б. болған деген қызықты деректер келтіре отырып: “Бірақ бұл цағтарды тек абыздар ғана білген. Байырғы қазақ календарында тышқан шағы, сиыр шағы, барыс шағы т.с.с. болғандығы немесе болмағандығы жөнінде әлі нақтылы мағлұматтар жоқ. Олардың жұлдызшылар мен есепшілер ғана біліп, ұмыт болуы мүмкін”, – дейді. Тек моңғол тілінде ғана емес, қазақ тілінде *он екі сәт* деген тұрақты тіркес барлығы жөнінде де осы зерттеуден көруге болады. Он сегіз мың ғалам, он екі сәт, мың бір ғалам он екі сәт, мың ғалам деген фразеологизмдер “Әлемдегі барша тіршілік” дегенді аңғартады. Бұл сөздер “он екі сәт”, тіркесімен бір қолданыла келіп, “ұзақ мерзім” дегенді білдіреді.

– О, бұл (қой) әлі ет болғанша, мың бір әлем он екі сәт.

– Мұны қашан әкетеді? Ет комбинатына сол күні қабылдай қоя ма, жоқ па? (Нұрқасым Қазыбеков. Хат. // Жұлдыз, 1986). Бұл мысалдың мың бір әлем он екі сәт деген тіркесі ұзақ мерзім, тым ұзақ уақыт сынды мағыналарды бойына жинақтаған. Жоғарыдағы зерттеушілердің түрік, моңғолдарда қолданылған он екі шақ туралы қызықты дерегі қазақ тіліндегі сиыр түсі деген атауды ут (сиыр) шағымен байланысты қарауға болатыны түркі болатын тәрізді. Тәулік ішіндегі шақтардың

айтылатын, бірақ қазіргі кезде ұмыт болып бара жатқан тағы бір тұрақты тіркес бар екен. Ол – *қозы түс*.

Бәрін де қойшы... қозы түс өтті аяулы

Тал түс те кетті, бесін де міні таянды.

Мына жалғанда не қалар дейсің баянды?

Кезекпе-кезек бәрі де жылжыр таяр-ды.

Осы жолдарды оқи отырып, ұмыт болып бара жатқан, этнографиялық мазмұнға ие мұндай сөзді қағаз бетіне түсіріп кеткен ақын қаламын ризалықпен еске аламыз. Бұл мезгіл атауын өлеңге қосқан ақиық ақын Мұқағали Мақатаев болатын. Сонымен *сәскемәл* мен *ерте сәске*; *ұлы сәске* және *қан сәске* сондай-ақ *сиыр түсі* деген атаулар бір-бірімен синонимдік қатар құрап тұр. Халық тіліндегі бұл атаулардың бәрі түске дейінгі мезгілге қатысты. Халық ақындарының жыр кестесінде кездесетін түсімәлі сөзі “түскі шақ, түс кезі” дегенді білдіреді. Түс мезгілі атауларының синонимдік қатарына жататын түс әлеті, түсімәлі, түскі шақ, түс кезі сөздері жоғарыдағы айтылғандай, мұндағы мәлі (түсімәлі) сөзі маһалдың дыбыстық жақтан ықшамдалған түрі. Түсімәлімен мағыналас тұрақты тіркестің бірі – *түс әлеті*. Тіркес құрамындағы *әлет* сөзі дыбыстық өзгеріске түсіп, танымастай болған. Бұл сөздің бастапқы айтылуы – хал (араб сөз). Хал сөзі орта ғасырлық әдебиетте хал жағдай, көңіл-күй әрі заман, уақыт, шақ, кез деген мағынада жұмсалған. Мағлұм мағлұмат, жамиг - жамиғат тәрізді, хал сөзі де *халет* түрінде айтылған:

Торғайды бұл жеңешен ұстап алған,

Сөзімде өтірік халет жоқты жалған.

Өліңе тірі болса, берер едім,

Торғайдың әлдеқашан өліп қалған деген “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырынан алынған үзіндіде халет сөзі жай, жағдай мағынасында жұмсалып тұр. Ал жырдың басылымындағы түсініктемеде қалет (халет) “жаңсақ” “жаңылыс” делініп кәте түсіндірілген. Шынында да, өтірік халет “өтірік жай” дегенді білдірсе керек. Хал-жағдай, Жай әрі уақыт, шақ мағынасын білдіретін халет сөзі қазіргі тіл қолданысымызда х дыбысының көмескіленуі барысында әлет түс әлеті болып қалыптасады. Халет сөзін көркем сөз зергерлері байырғы өмір суреттерін көрсетуге қолданып отырған. “Жүрек қобалжып басы айналады. Құлақтың ың-шың шықылдаған толассыз бір шуыл бар. Осы күйінде барлық пен жоқтықтың арасындай халетте азғантай уақыт жатты да Абай ойы өшіп, сеніп жоққа багты” (М. Әуезов. Абай жолы).

Түс қыңды, түс қиды. Күннің түстен ауған, қайтқан сәтін түс қыңды, түс қиды деп атайды. “Ойлағандай түс қия берген кезде көрші ауылдан қайтқан қауыммен тағы бір хабар әкелді” (М. Әуезов, Абай жолы). Бұл мезгіл атауларының түс қыңды, түс қиды аталуының когнитивтік мәні бар. Қиды кимыл мәнді сөзінің мағынасы қиып өту, қиялап қою мағыналарымен үндес. Тас төбедегі күннің қиялаған кезі түстен кейінгі

мағыналарына сай келгендіктен, түстен кейінгі мезгіл атауын иеленген. *Қас қарайып, көз байланған шақ; екі кештің арасында; ел орынға отырған мезет.* Бұл тіркестер де түннің басталар мезгіліне байланысты айтылады. Мұндағы қас жан, маңай дегенді білдіреді. *Құптан мезгіл.* Ел ұйқыға жатар шақ – құптан мезгіл. Құптан парсыша: 1) ұйықтау, жату, 2) бес уақыт намаздың ең соңғысы [3]. Құптан намаз еліміздің Атырау аймағында жасиық намаз деп те айтылады. Шақтың діни салттағы “бес парызға” байланысты атаулары байырғы жырларда, эпостарда жиі қолданылады. “Намазшамнан өткенде, құптан мезгілі жеткенде. Құлағына батырдың бір дауыс келіп шулайды” (Қобыланды батыр). *Марқа туған.* Тілімізде түн сипатына қарай айтылатын айдың жарығында, айдың қараңғысында тәрізді атаулармен бірге бұрынырақта айдың көрінуіне байланысты марқа туған деген тіркестің қолданылғанын көреміз. Айсыз қараңғы түнді тастай маң қараңғы деп те атаған. *Түн жарым, түн ортасы, жеті түн сөздерін* мезгіл атауын білдіретін синонимдер қатарына жатқызамыз. Ел ұйқыға жатқаннан кейін, шамамен екі сағат өткен кез түннің бір ұйқысында делінсе, бұдан кейінгі екі сағат түннің екі ұйқысында деп айтылады. Түн жарымда, түн ортасы ауған кез, жеті түнде тәрізді қолданыстар түннің осы айтылған мезгіліне қатысты деуге болады. Таңға бір ұйқы қалғанда деген тіркестің түннің ең соңғы бөлігі екендігі белгілі болып отыр. Бұл шақтар, әдетте, жетіқарақшы жұлдызының қозғалысына қарап, ажыратылады. Түн ұйқысын төрт бөлігі деген фразеологизм түннің осындай төрт бөлігіне орайлас айтылған деуге болады. Ал түннің таңға ұласар шағы таң қараңғысы деп аталады.

Сонымен, біз тәулік ішіндегі шақтардың мезгілдердің халық тіліндегі атауларына, кейбір сөздің этимологиясына қысқаша тоқтадық. Бұл, әрине, шақ атаулары жіпке тізгендей түгелденіп, барлығының мағынасы түгел сараланды деген сөз емес.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Уәлиұлы Н. Бір тәуліктегі шақ атаулары және олардың этимологиясы // Кітапта: Академик Ә.Т. Қайдар және тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Дайк-пресс, 2004.
2. Бизақов С. Синонимдер сөздігі. – Алматы: Арыс, 2007.
3. Ысқақов М. Халық календары. – Алматы: Дәуір, 1980.
4. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі. – Алматы: Ана тілі, 1993.
5. Салқынбай А.Б. Тарихи сөзжасам (семантикалық аспект). – Алматы: Қазақ университеті, 1999.